

ӨОЖ 821.512.122.09

Д.Б. Есімбекова

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистр, оқытушы,
Қазақстан, Жетісу қ.E-mail: dinara_love_ermek@mail.ru**Ежелгі мифтердегі Ұмай ана бейнесі**

Мақалада ежелгі мифтердегі Ұмай ана әлемдік мифологиядағы бейнелермен салыстырыла қаралады. Автор грек, шумер, үнді және қазақ мифтеріндегі ұқсас сюжеттерді компаративистика тұрғысынан саралауға тырысқан.

Түйін сөздер: генотеистік, генотиптік, Притхиви, Энки, Гея, Ума, Ұмай, Тәңір.

D.B. Yessimbekova

Character of goddess Umay is in ancient myths

In the article observed as soon Umay of the mythology. Author is trying to compare of mythology in Kazakh, Indian and Greek people's mind. As is generally known, was the patron of fireside, personified the vital beginning. Similar character is in Greek mythology - Gay. Gay goddess of Earth, giving life all, that lives and grows on her. Mother-earth is bear Sky, Mountains and Sea. And by an analogue Gays there is Uma in the Old Indian mythology. With sankrits means «light», «refulgency», «grandeur». Her name is mentioned in the most ancient myths of India. Uma, as goddess of Earth, patronized to the creations. And Umay, and Uma patronized to the women, and helped birth of child patronized ild on light. And the Sumer goddess of the earth Prithivi is mother of all live. In Types as a whole Prithivi acts indissolubly with Dyaus Pitar, a sky embodiment. All myths about a geogenesis have similar character, in them the outlook and pro-knowledge of the people is shown.

Key words: genotype, Enka, Gay, Mind, Umay, Tengry.

Д.Б. Есимбекова

Образ богини Умай в древних мифах

В статье рассматривается образ богини Умай в мифологии. Автор сопоставляет схожие сюжеты в казахских, индийских и греческих мифах. Как известно, Умай была покровительницей домашнего очага, олицетворяла жизненное начало. Схожий образ в греческой мифологии – Гея. Гея - богиня Земли, дающая жизнь всему, что живет и растет на ней. Матерью-Землей рождены Небо, Горы и Море. А аналогом Геи в древнеиндийской мифологии является Ума. С санскритского – «свет», «сияние», «величие». Ее имя упоминается в самых древних мифах Индии. Ума, как богиня Земли, покровительствует своим созданиям. И Умай, и Ума покровительствовали женщинам, и помогали рождению ребенка на свет. А шумерская богиня земли Притхиви является матерью всего живого. В Ведах в целом Притхиви выступает неразрывно с Дьяусом Питаром, олицетворением неба. Все мифы о происхождении земли носят схожий характер, в них проявляется мировоззрение и прозвание народов.

Ключевые слова: генотип, Энки, Гея, Ума, Ұмай, Тенгри.

Мифке жеке ілім ретінде көңіл бөлу XVIII ғасырда өмір сүрген итальяндық философ Дж. Виконың 1725 жылы жарық көрген «Основания новой науки об общей природе нации» деген еңбегінен басталады. Мифтік шығармашылықтың, алғашқы қауым адамының болмыс жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік беретін ерекше тәсілдері көрсетілген мифтер «адамзаттық ақыл-ойы сөздігінің» тұңғыш басылымы деп көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысында мифологияны қарастырудың негізгі екі бағытын атап өтуге болады. Оны біріншісі - Я.Гримм, А.Кун, В.Шварц, В.Манхардт, М.Мюллер, А.Афанасьев, А.Потебня, т.б. ғалымдар бастаған мектеп. Ол үндіеуропалық салыстырмалы-тарихи тіл білі-

мінің ғылыми жетістіктеріне және үндіеуропалық тілдердегі этимологиялық салыстырулар арқылы көне үндіеуропа мифологиясын реконструкциялауға, жаңғыртуға негізделген. Екіншісі - антропологиялық және эволюционистік мектеп. Оның негізгі өкілдері Э.Тейлор, Э.Ленг, Г.Спенсер сияқты ғалымдар болды. Бұл мектептің негізгі бағыты - салыстырмалы-этнографиялық зерттеулерді адам дамуы туралы ғылыми нәтижелермен тығыз байланыста қарастыру. XX ғасыр басында ағылшын этнографы Б.Малиновский этнографиядағы функционалдық мектептің негізін салды. Осымен байланысты ол мифті символдық, аллегориялық, т.б. мағынаны білдіретін аңыз, әңгіме ғана емес,

сонымен бірге әлем мен адам дүниесіне ұласатын ақиқат шындық деп таниды. Француздың социологиялық мектебі – Э.Дюркгейм, Л.Леви-Брюль, т.б. Ғалымдар мифті әлеуметтік психологиямен бірлікте қарап, тотемдік мифологияны рулық қауымдастықтың алғашқы моделін жасаушысы ретінде көрсетті. Бұдан кейінгі зерттеулер мифтің мәнінен гөрі, мифологиялық ойлаудың танымдық ерекшеліктерін ашуға бағытталады. Нақтылап айтсақ, мифтің психоаналитикалық концепциясын жасаушылар З.Фрейд, К.Г.Юнг, т.б. ғалымдар адамның психикасындағы құбылыстарды алғашқы қауымдық кезеңнен қалған «архаикалық қалдықтар» немесе «архетиптермен» байланыстырса, мифтің құрылымдық теориясын ұсынған француз этнологы К.Леви-Стросс мифологиялық ойлау ерекшеліктерін негізге ала отырып, мифтің сансыз мағыналық трансформацияға бейім екендігін көрсетеді. Ол XIX ғасырдағы ғылым ойлағандай өтірік емес, ертегі де емес (қарабайырланып кетіп ертегіге айналуы мүмкін). Ол белгілі бір ұлттың, нәсілдің қоршаған дүние туралы, өзі туралы, өзінің тарихи жолы туралы астарлап айтқан шындығы. Серікбол Қондыбай былай деп жазады: «Мифология, миф - ойдан шығарылған қиял емес, ол - өткен заман адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол - өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы».

Жалпы алғанда, XX-XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылымда мифке көзқарас қатты өзгерді, ұлттың санасын, түпсанасын да миф арқылы зерттеуге болатыны анықталды. Фридрих Ницше мифті кез келген дені сау мәдениеттің көкжиегін қоршап тұратын, сол мәдениетті, сол халықтың санасын қорғап тұратын шекара деп білген. Бізге сол шекара әсіресе кәзіргі жаһандану дәуірінде қандай керек екені сөзсіз түсінікті. Адамзат танымға қаншалықты құмартса, сенімге де соншалық көп көңіл бөлген. Қазақтарда көне заманда генотеистік наным басым болғаны аян. Көрнекті мәдениеттанушы ғалым Т.Ғабитов: «Генотиптік жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тін арғы ата-текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады» [1, 309], - дейді.

Көшпенді бабаларымыз үшін «атаның қаны, ананың жасы сіңген» байтақ жері басты қазынасы болғаны аян. Ұрпақтарының тұрағы, ырыс-берекенің қайнар көзі - Жер-Ананы мадақтаған, қасиетіне табынған, оның құдіретін мойындап, қаһарынан қорыққан.

Притхиви («кең») - үнді миф-аңыздарында жер иесі, әйел бастауы, ана. Дьяус (гректерде Зевс) - ер адам бастауы, әке. Притхиви Дьяустан шыққан жаңбыр, бал және майдан барлық тіршілік иелерін жаратады [2, 336].

Энки шумерше «Жер қожайыны» - тұщы және жер асты суларының қорғаушысы, адам мен табиғатты жаратушы, құдайлардың өнері мен айналасын адамдарға үйрететін тылсым күш иесі. Энки жаратылыс негіздері мен заңдарын жүзеге асырғанды ұнатады. Ол Абзудың (жер асты суларының құдайы) әміршісі, данышпандықтың жебеушісі, әрі адам баласын басқа құдайлардың кесапатынан қорғаушы ретінде әспеттеледі. Энкидің көптеген аспаптілері қарастырылады: құнарлылық, өсімділік құдайы, адамдарды жаратушы [2, 662].

«Энки және Шумер» мифінде Энки жердегі төртіп пен тұрақтылықты реттейді. Жер шарын айналып, саяхат барысында көгалдандырып, гүлдендіреді. Қалалар мен мемлекеттердің «болашағын белгілейді». Тигр және Евфрат өзендерімен жоғары көтерілгенде бүкіл жер әлеміне ырыс пен береке себеді. Соқа, кетпен, кірпіш құятын құралдарды өз қолымен жасап, шаруашылықты келесідей бөледі: Энки құдайға - арықтар мен су жолдарын, «Тау патшасы» Сумуканға өсімдіктер мен жануарлар мекендейтін далалар мен жазықтарды, Димузи бақташыға сүт пен май қорына бай мал шаруашылығын иелікке береді [2, 662].

Гея грек халқының Жердегі тіршілікті туырушы Жер-ана ретінде әспеттеледі. «Ол Хаостан кейін жаратылған. Алғашқы төрттік ішіне енеді: Хаос, Жер, Тартар, Эрос. Өзіне өмірлікке серік етіп Уранды (Аспан) алып, одан алты титандар мен алты титанидаларды дүниеге әкеледі. Солардың ішінде Кронос пен Реядан туған Зевс - басты олимпиялық құдайға айналды. Гея Олимп құдайларының өміріне араласпағанмен, оларға құнды ақыл-кеңестерін беріп отырады. Ол Реяға Кроностан өзінің баласы Зевсті құтқарудың амалын, кейін баласының тағдыры бақытты, сәтті болатындығын айтады. Геяның дана кеңесімен Зевс жүзқолдыларды (гекатонхейрларды) құтқарып қалады.

Геяның адамға деген шексіз қамқорлығы, жасампаздығы мен аналық мейірімі кейін

Деметраның бойынан ішінара көрініс тапты» [2, 300].

Гея – космосты жаратуға қатысқан төрт потенцияның (Хаос, Жер, Тартар, Эрос) бірі. Ол өз-өзінен Уран-Аспанды жаратып, оны жұбай еткен. Осының өзі – матриархаттың бастапқы дәуір болғанының тағы бір айғағы. Гея Уранмен қосылып, алты ер жынысты, алты ұрғашы жынысты титанды жаратқаны белгілі. Сондай-ақ Гея Уранға қатыссыз да Понт теңізін, тауларды, үш киклопты және үш жүзқолды құбыжықтарды туған.

Жер-Ана–Гея Гера Зевске тұрмысқа шыққанында оған мәңгілік жастық беретін алтын алма берген. Бұл – оның аналық сезімін және сәбилердің жебеушісі болатынын білдіруі, аналардың қамқоршысы, олардың тілеуін тілейтінінің көрінісі.

Геяның стихиялық күштерді жаратушы болуы кейінгі кезеңдерде алға шықпай, ол даналық танытушы ретінде танылған. Мұның бәрі ана-еркі дәуіріндегі әйелдердің ақылшы болуымен және сәуегейліктің алғашқы кезде әйелдер арқылы жасалғанын түсінуге көмектеседі.

Геяның өнімділік қасиеті кейін бірнеше образдарға таралды. Соның бірі – **Деметра**. Халық санасы бойынша ол Келейдің баласы Демофонтпен кездестіріліп, оны мәңгілік жасағысы келген. Мұнда екі түрлі таным бар. Бірі – Жер-Ана қызметінің ұмытылмағаны. Ал, баланы мәңгілік жасауға қарсылық көру бастапқы мифологияға селкеулік түсе бастаған стадиялық ерекшелікті танытады.

Зевс жұбайы Гераны құшақтағанда жер гүлденіп сала берген. Геракл атақты он екі ерлігін жасап келген соң Зевс оны құдайлар санатына қабылдаған. Осы мақсатта жасалған рәсім түркілік салтпен сабақтас көрінді. Зевс Гераның Гераклге жылы сезіммен қарауын сұрап, бала асырап алғанда жасалатын рәсімді орындатқан. Бұл туралы сицилиялық Диодордың «Историческая библиотека» атты кітабында жазылған. Рәсім бір болғанымен, екі түрлі қолданыс бар. Қазақ рәсмінде ол шынайы тұрмыстық бөлшек ретінде жасалса, Гераның әрекеті классикалық мифологияға тән құдайлар қатарын толықтыру мақсатымен қосылған.

Қазіргі Моңғолия жеріндегі Орхон өзені бойындағы Қарақорымда, түркі тастарынан 35 шақырым жердегі тауды моңғолдар *Ұмай* деп табынады. Өйткені, жер ортасы саналған тау – кең мағынада алғанда, әлемдік құрылымның басты тірегі. Кіші Азияны мекендеген ежелгі

халықтардың бірі – хеттердің мифологиясында Вашитта тауы кәдімгідей босанатын әйел бейнесінде қабылданған, яғни туады [3, 121].

Сол сияқты Кіші Азиялық Кибела да, ежелгі үнді мифологиясындағы Ума да таумен байланысын үзбеген. Ежелгі түркілердің нанымдарындағы жер-су құдайы – жоғарғы әлем мен төменгі әлемді байланыстырушы болуы Ана-құдай образымен қатар қабылдау болып шығады.

Гея теомахияға (құдайлардың ауысуындағы өзара соғыстары) қатыспайды. Және демондық қасиеттен аулақ. Сондықтан архаикалық құдай болса да, кейінгі буын құдайлар оны өлтірмейді де, оның денесін бөлшектеп, космостық дүниелер жасамайды [4, 300].

Түркі мифологиясындағы Жер-Ана да осындай, оның өзінен кейінгі құдайлармен «соғысқаны» туралы мәлімет жоқ және сол үшін олардың тарапынан космосты қайта құру амалына құрал болмағаны оның образындағы алғашқы Жер-Ана қызметінде, дана типіндегі архаикалық сипатын танытады. Л.Я. Штернберг және С.М. Абрамзонның кеңестік дәуірде жазған пікірлеріне сүйеніп, түрік халықтарының фольклорындағы Ұмай–Ана образын парсы мифологиясындағы Хұмай құспен генетикалық байланысты деп түсіндіру қалыптасқан. Бұл бір жағы, Ұмай сөзінің этимологиясын ашуға, екіншіден – Хұмай құстың көлеңкесі түскен адам бақытты болады деген түсінікпен қатар қабылданған. Дегенмен, біздің ойымызша, Ұмайдың шығу тегі парсылық емес, ал, ежелгі үнді мифологиясындағы Умамен байланысты жоққа шығаруға асықпаймыз, бірақ әзірше ежелгі түріктік ұғымнан шығу мүмкіндігін де ойда ұстаймыз. Түрік халықтарындағы Ұмай қызметін антикалық мифтердегі Зевстің әйелдері – Гера, Деметрамен, т.б. салыстыруға болады. Құдайлардың антропоморфты бейнеде қалыптасуы классикалық мифологияға сәйкес орныққан. Әйел архаикалық мифология бойынша жер құдайы, өнім жерден өнеді, сондықтан ол – өнімнің де құдайы, бұл адамның нәрестелі болып, оған жебеушілік қызмет көрсетуі де олардың классикалық құдай дәрежесіне дейін-ақ басталса керек. Зерттеу барасында Ұмайдың үлкен екі қызметі анықталды. Соңғы кезеңдегі түсінік бойынша Ұмайдың шаңырақтың және нәрестенің жебеушісі ретіндегі қызметі алға шығады. Қазақ халқының мифтерінде: «Көк пен Жерді жаратып, оларды бір-бірінен ажыратқан соң, Тәңір өмірге ұрпақ әкелу үшін өзі еркек пен әйелге бөлінді. Құдай әйелді Ұмай деп атап, оны Сумер тауының ұшар басына,

сүтті көлі (Сүткөл) бар Асапн тауының қия шыңына қондырды. Көк жүзінде жол қалдыра сарқырай ағып, Сүткөлге құятын жұлдыздар жолы, Құс жолы – осы Ұмай Тәңір ананың сүті» [6, 10], - делінген. Ұмайдың Жер-Ана ретінде сүтімен асыраушылық қызметі қырғыз фольклорында да сақталған. Қырғыздар Ұмайды егін мен малдың өнімділігін қамтамасыз етеді деп сенген. Өнім көп жиналғанда «Ұмай-ененің омырауынан сүт ағады» деп түсінген.

Ұмай ежелгі үндінің *Ума* құдайымен байланысты деген ойымызға негізгі тірек – Дьявустың жұбайы Притхиви туралы миф. Ол Притхи патшаның бұзық мінезінен шаршаған соң одан қашып жүргенінде адамдар аштан қырыла жаздаған. Өз қызметіне «кірісіп», өнім беруі үшін жерден бұзау шығаруды талап еткен және ол талабы орындалған соң Жердің омырауынан аққан сүт сай-салаға тарап, жұрт өнім алып, тамақ жасайтын болған. Бұл мифте Притхивидің кейде Жер деп те аталуы оның Жер-Анамен байланыстылығын танытады. Сондай-ақ Геяның омырауы арқылы Жердің өнім беруіне қызмет еткені туралы миф жетпесе де, «үлкен

омыраулы» (широкогрудая Гея) деп аталуы – оның Жер-Ана қызметіндегі басты қызметтерінің бірі болғанын танытады. Демек, бұл ежелгі дәуірдегі түркі халықтарымен бірге үнділер, гректер үшін де универсал түсінік болған.

«Ума - құдай-ана әлем қуаты мен ғарыштың күшін бейнелейді, сондықтан оған «нұрлы, жарқын» деген эпитеттер телінген. Ол әкесі Дакшидің рұқсатынсыз Шиваға тұрмысқа шығады. Ол өнімділік, ұрпақ жалғастырушылық пен аналық сезімді оятушы» [5, 28].

Ума әсіресе көп балалы отбасыларға мейірімділік танытады. Оның жебеуінсіз адам қойған мақсаттарына жете алмайтын жай ғана арманшыл болып қалады. Құдай-ана «тірі» тағамдармен (жеміс-жидек, жаңғақ, көкөніс, сүт өнімдері) тамақтанатындарды жақсы көреді.

Қорыта айтқанда, Ұмай туралы аңыздар мен мифтер ежелден бастау алады. Көне замандағы қазақ, грек, үнді және шумер мифологиясында әйелдерді жебеп, демеп жүретін аналар символдық бейнеге көтерілген, олар өмір сыйлаушы, әрі ошақтың киесі ретінде әспеттеледі.

Әдебиеттер

- 1 Фабитов Т. Мәдениеттану. – Алматы: Қаржы-қаражат, 2003. – 408 б.
- 2 Мифы народов мира. – Москва: Советская энциклопедия, 1988. – 2-том. К-Я.
- 3 Қасқабасов С. Елзерде: әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
- 4 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-том. А-Ә. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998.
- 5 Мифы древней Индии. – Москва: Наука, 1975. – 238 с.
- 6 Жанайдаров О. Ежелгі Қазақ мифтері. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2008. – 256 б.

References

- 1 Fabitov T. Mädeniettanu. – Almaty: Qarzhıy-qarazhat, 2003. – 408 b.
- 2 Mify narodov mira. – Moskva: Sovetskaya entsiklopediya, 1988. – 2-tom. K-Ya.
- 3 Qasqabasov S. Elzerde: Әr zhylғы zertteuler. – Almaty: Zhibek zholy, 2008. – 504 b.
- 4 Qazaqstan. Ylttyq entsiklopediya. 1-tom. A-Ә. – Almaty: «Qazaq entsiklopendiyasynıñ» bas redaktsiyasy, 1998.
- 5 Mify drevney Indii. – Moskva: Nauka, 1975. – 238 s.
- 6 Zhanaydarov O. Ezhelgi Kazakh mifteri. – Almaty: «Aruna» baspasy, 2008. – 256 b.